

## **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсыныстар**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу бойынша осы әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулықтар) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу мақсаты белгілі бір тіршілік әрекеті саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеудің міндеттері болып табылады:

1) Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін тұлғаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлық қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары болып табылады:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

### **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың мазмұны**

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қоғамдық қарым-қатынастардың оқшауланған салалары үшін әзірленеді.

Оларға мына салалар жатуы мүмкін:

1) денсаулық сақтау;

2) білім беру;

3) әлеуметтік қорғау;

4) мәдениет және спорт;

5) жер қатынастары;

6) құқықтық және қоғамдық қауіпсіздік тәртіптері;

7) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару;

8) әділ соттылықты жүзеге асыру;

9) прокурорлық қызмет;

10) салықтық әкімшілендіру;

11) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару;

12) ауыл шаруашылығы;

13) табиғатты пайдалану және экология;

14) санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- 15) өнеркәсіп, құрылыс, көлік;
- 16) энергетика;
- 17) қаржылық, соның ішінде банктік қызмет;
- 18) қоғамдық қатынастардың өзге де салалары.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар осы Әдістемелік ұсынымдарға қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлық көріністерінің белгіленген ережелері мен алдын-алуды мүлтіксіз сақталуына бағытталған қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін тұлғалардың іс-әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымды міндеттерін орындау жөнінде тікелей мынадай әрекет салынуға тиіс:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыру;
- 2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;
- 3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау;
- 4) тыныс-тіршіліктің тиісті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар рәсім әзірлеу**

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерімен жұртшылықтың қатысуы кезінде әзірленеді және заңнаманы әзірлеу кезінде және құқық қолдану практикасында ескеріледі.

9. Жұртшылықтың қатысуы интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасын әзірлеушіні орналастыру және оған ұсыныстар мен ескертулер жинау, қоғамдық тыңдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың әзірленетін жобасын талқылау үшін «дөңгелек үстел» форматында отырыс өткізу арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мемлекеттік органның, ұйымның, қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласына жетекшілік ететін квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының шешімімен бекітіледі.

11. Бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әзірлеушінің интернет – ресурсында және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау**

12. Мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларында жұмыс істейтін тұлғалармен орындауы үшін міндетті.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік немесе материалдық жауапкершілік мемлекеттік органның, ұйымның, тіршілік етудің белгілі бір саласына жетекшілік ететін квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының шешімімен белгіленеді.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуына бақылау жасау мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшыларына жүктеледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталғаны (сақталмағаны) туралы ақпарат органның, ұйымның қызметкерлерін аттестаттау және жұмыс тиімділігін бағалау ұйымдастыру кезінде пайдаланылады.